


## Индер ауданы

**Индер ауданы** — **Атырау облысының** солтүстігіндегі әкімшілік бірлік. Аудан **1933** жылы құрылған. Аудан орталығы – **Индербор** кенті.



### Жалпы сипаттама

Жер аумағы 10,9 мың км<sup>2</sup>. Тұрғыны 33,5 мың адам, орташа тығыздығы 1 км<sup>2</sup>-ге 3,1 адамнан келеді (2018). Құрамында 1 кенттік, 6 ауылдық әкімшілігі округі және оларға қарасты 21 ауыл бар. Аудан орталығы **Индербор кенті**. Ең ірі елді мекендері: Индербор кенті, Есбол, Өрлік, Елтай, Көктоғай, Жарсуат және Бөдене ауылдары. Индер ауданы – Атырау облысындағы өнеркәсіпті және ауыл шаруашылықты аудандарының бірі. Индер ауданының жері **Каспий маңы ойпатының** солтүстігін алып жатыр. Ауданды екіге бөліп жатқан **Жайық** өзенінің батыс жағы, негізінен, жазық құмды **шөл** болып келеді, ал шығыс

жағы **үстіртті** (Индер мен **Жамантау** тауларының **теңіз** деңгейінен биіктігі 52 және 26 м). Одан әрі сортаң топырақты жазыққа айналады. Индер тауында карстық опырылымдар мен үйінділер өте жиі тараған. Аймақ **рельефі** жазық, топырағы сазды. Есбол ауданы және сол ауданның негізінде 1965 ж. Индер ауданы құрылды. Аудан орталығы Индер поселкесінде орналасқан, ол 1935 жылы құрылды. Индербор кентінің **Атырау қаласына** дейінгі арақашықтығы - 200 км. Ауданда кент әкімі - 1, селолық округ әкімдері - 6.

### Әкімшілік-аумақтық бөлінісі

Ауданның әкімшілік-аумақтық бөлінуі:

Ауылдық округ/қала	Халқы, ад. (2009)	Елді мекендері
Индербор кенттік әкімдігі	12 915	Индербор кенті
Бөдене ауылдық округі	1476	Бөдене
Елтай ауылдық округі	3269	Елтай ауылы, Аққала ауылы
Жарсуат ауылдық округі	2955	Жарсуат ауылы, Ақтаң ауылы, <b>Бұқар</b> ауылы, Кетебай ауылы, Құрылыс ауылы, Қызылжар ауылы

Көктоғай ауылдық округі	2418	Көктоғай ауылы
Есбол ауылдық округі	4808	Есбол ауылы, Ынтымақ ауылы
Өрлік ауылдық округі	2741	Өрлік ауылы

## Пайдалы қазбалары

Геологиялық және гидрогеологиялық сипаты жағынан, пайдалы қазындылары жөнінен аудан өте күрделі жер қойнауымен ерекшеленеді. Пайдалы қазындыларынан құрылыстық материалдар бағытындағы шикізаттарына аса бай. Индер көлінің жағасындағы төбешіктердің асты күмбез пішінді тұздардан тұрады және көлдің өзі әр түрлі шикізаттарға бай: борат, калий, магний, ас тұзы, гипс, қиыршықтас, ұлутас, т.б. Құрылыс материалдары бар. Гипстің жалпы қоры – 10-15 млрд. тоннадай. Индер көлінің солтүстік-шығысында минералды су көздері мен шипалы балшық та көп тараған. Оларды жергілікті тұрғындар ежелгі заманнан бері әр түрлі сырқаттарды емдеуге пайдаланып келеді.

## Климаты

Индер ауданының климаты тым континентті: қысы біршама жылы, жазы өте ыстық. Қаңтарда ауаның орташа температурасы – 12,3°С, шілдеде – 25,3°С. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 200 мм шамасында.

Жер беті сулары[өңдеу]

Жер беті сулары Жайық өзенінің орталық бөлігі мен оның екі жағындағы өзен арналары арқылы салынған Бағырлай, Алғабас және Қурайлы каналдарынан, ауданның шығыс жағындағы Индер және Ойыл өзендерінің аңғарындағы Ақтөбе, Отаркөл, Бөлекаяқ, т.б. көлдерден тұрады. Индер ауданының жері, негізінен, сортаң қоңыр топырақтан, өзен жайылымдары шалғынды топырақтан тұрады. Индер ауданын Орал өзені қиып өтеді.

Аудан жерін суландыру үшін салынған каналдар мал шаруашылығын өркендетуге айтарлықтай қолайлы жағдай туғызады. Табиғи жер асты сулары негізінен тұщы болып келеді.

Өсімдіктер мен жануарлар дүниесі[өңдеу]

Өсімдіктерден шөлейт аймаққа тән қара жусан, көкпек, изен, еркек шөп, қияқ, т.б. өседі. Жайық аңғарындағы тоғайлы алқаптар, Тайсойған, Мәмбет, Қараой құмды өңірлері бай келеді. Жайықтың екі жағы қалың тоғай. Жануарлар дүниесінен қасқыр, түлкі, борсық, ақ бөкен, жабайы шошқа, өзен бойларында су құстары, сондай-ақ бозторғай, сауысқан, қарға, т.б. мекендейді. Жайық өзенінде балықтың бірнеше түрі, оның ішінде бекіре тұқымдас балықтар да бар.

## Өнеркәсібі

«Жайықгазтасымалдау» басқармасы, геологиялық «Бор» ЖШС, «Индертұз» кәсіпорны, «Индер» мұнай айдау стансасы, емдік бишофит пен тұз өндіретін

«Геохим» кәсіпорны, «Индергипс» бірлескен кәсіпорны аудан экономикасын нарық тұйығынан шығару үшін жұмыс істеуде. Өнеркәсібі түгелдей дерлік «Индерборат» және «Индертұз» акционерлік қоғамына қарасты борат карьерлері мен байыту фабрикасынан, нан мен сүт зауыттарынан тұрады. Мұндағы өнеркәсіп орталығы **Индербор кенті**.<sup>[2]</sup>

#### Шаруашылығы[өңдеу]

Ауыл шаруашылығы негізінен қаракөл **қойы** мен **сиыр**, **жылқы**, **түйе** өсіруге маманданған. Ауыл шаруашылығы жерінің аумағы 987,9 мың га. Оның 1,3 мың га-сы егістік, 3,4 мың га-сы шабындық, 983,2 мың га жайылым. Негізгі айналысатын шаруашылығы - **мал шаруашылығы**, дәлірек айтқанда **қаракөл тұқымдас қой** түрін өсіру. 2009 жылы (қаңтар - қазан) 3,8 мың тонна (тірі салмақта) ет, 6,1 мың тонна сиыр сүті, 288 мың дана жұмыртқа өндірілді. 2009 жылдың 1 қарашасына ауданда 20,4 мың бас ірі қара, 104,4 мың бас қой мен ешкі, 6,3 мың бас жылқы, 2,7 мың бас түйе болды. Сондай-ақ, мал шаруашылығымен бірге егін шаруашылығы да дамыған. Индер ауданында «ИСИ - Гипс - Индер», «Индергаз» ЖШС-рі, «Есбол», «Жарсуат» К-рі, «Қазақтелеком» АҚ-ның аудандық филиалы, **Индер желілік- өндірістік басқармасы**, **Индер мұнай айдау стансасы**, **Индер орман шаруашылығы** мекемесі бар. **Атырау облысы статистика** департаментінің мәліметі бойынша экономиканың нақты секторында 2009 жылдың қаңтар-қазанына 2008 жылғы қаңтар - қазанға %-бен кен өндіру өнеркәсібі -80,5, электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлу - 97,8, ауыл шаруашылығы - 102,5.<sup>[2]</sup>

#### Көлік жолдары

Аудан жері бойынша **Жайық өзенінің** екі жағасын бойлай ең ірі елді мекендерді қамтып республикалық маңызы бар **Атырау Орал** автомобиль магистралі өтеді. Жайық өзенінде өзен су жолы бар. Аудан аумағымен **Орта Азия** Орталық **газ** құбырынан тартылған тармақтар арқылы газ тасымалданады. Бұлардың негізінде ауданда **автокөлік колоннасы**, екі **өзен айлағы**, «Индергаз» желісі мекемесі жұмыс істейді.